

Байғара батыр және ұрпақтары

Байғара Қожасұлы (1706-03.11.1731) – батыр. Тегі-Кіші жүз Алшын-Қаракесек-Әлімұл-Шекті (Жаманақ)-Жақайым-Бердінқұл аталығынан.

Байғара батыр қазіргі Қызылорда облысы, Арал теңізінің солтүстік бойында өмір сүрген. Батырдың бейіті – қазіргі Қызылорда облысы, Арал қаласынан 120 шақырым қашықтықтағы Теректі қыстауында (Байғара базасы).



Байғара батырдың бейітінің құлаған орны

Байғара – Ресей империясының отарлау саясатына қарсы күрескен батыр. Әбілқайыр ханның Ресей қоластына ену туралы шешіміне бірқатар ру басылары келіспей, хан ордасы мен Н. Тевкелев бастаған ресей елшілігіне қарулы қарсылық көрсеткен. Баймұрат батыр бастаған қол 1731 жылы 22 қазанда елшілік пен хан ордасын қоршап, 15 жылқы барымталайды. Сырлыбай Қожасұлы бастаған топтын хан ордасына қарсы күресі бір жылдан астам уақытқа созылды. Хан ордасы мен елшілік күзетінің осы топпен 1731 ж. 3 қарашада өткен қақтығысы кезінде Байғара Ырғыз өзенінің бойындағы Маңтөбе деген жерде оққа ұшқан. Байғара қазасының арты үлкен дауға айналады, қарсылық күшейе түседі. Байғара батыр жөнінде Арал қаласына 2008 жылы 17 қыркүйекте іссапармен барғанымда мынандай деректерге жолықтым. «Арал ауданының солтүстігің атам заманнан мекендеп келе жатқан байырғы рулардың бірі – Байғара бабамыздың есімімен тығыз байланысты. Қазір Қаракұм өңірін жайлап отырған бұл ру Байғара деп аталады. Әкемнің айтуынша батыр бабамыздың жиырма бес жасында ел

тәуелсіздігі жолындағы күресте жау оғынан қаза тапқаның қаршадай кезімде құлағым шалған. Кейін ес біліп, етек жинаған тұсымда әкем Әйтiмге айтқан әкесiнiң, яғни менiң атам Қожанның Байғара батыр жайындағы әңгiмесi нағыз шындық екенiң бiлдiм. Менiң әкем көптi көрген, көп жасаған, шежiренi шемiшкеше шағатын кiсi едi, иманды болғыр. О кiсiнiң айтуынан ұққаным, батырдың әкесi Қожастан бес бала тарайды. Ел оларды Баби, Сырлыбай, Байғара, Теке, Жамансары деп атайды. Қазiр жоғарыдағы бесеуi бес рулы ел» .

Батыр туралы тағы мынандай дерек көздерi табылды. «Байғара батыр 1701жылы дүниеге есiгiн ашып, әкесi мезгiлсiз бақилық болуына орай бауырлары Баби мен Сырлыбайдың тәрбиесiнде өседi... Жау төсiне найза қадаған Байғара батырдың кiндiк қаны тамған жер ауданымызға қарасты Қарақұм өңiрi, оның iшiнде «Борсық құмы»... Байғара турасында кеңiнен қаузасақ, ол кiсi өте күштi және жауына қатыгез болған деседi. Серiлiгi бiр басқа, сырт сымбаты жағынан елден ерек батыр арыстандай айбатымен үзенгiлестерi ортасында ерекшеленген. Байғарадай iзбасарына ағасы Бабы қарамағындағы бiр кiсiнiң Шолпан есiмдi қызын атастырып қояды. Алайда, көркiне көз тоймайтын аруда Әбiлқайыр ханның ұлы Нұралының да көнiлi бар екен. Хан баласы көзсiздiкке салып, баса-көктеп Шолпанға күш көрсетейiн десе, дәстүрлi қалыңмалы төленiп қойылған. Сезiм сергелдеңiне ұшыраған Нұралы өзегiн кернеген өкiнiш жетегiнде Байғараны күреске шақырады. Әлбетте қара күшi тасыған батыр хан ұлының жауырынын жерге тигiзiп, көптiң алдында абыройын түсiрген. Осы екi ортада ашуға булыққан Нұралы қамшы сiлтеген кезде қуатты қолдың қарсылығына ұшырап жеңiлiс тапқан. Аталмыш оқиға Байғара батырдың балаң жiгiт кезiнде өрбiген екен.

Байғара батырдан Атабай, Жангелдi, Сарт есiмдi ұлдары болған. Атабайдан Жанұзақ, одан Шуан, одан Мырзабек, одан Дәуқара, одан Қараман (1893-1944), одан Сәдуақас (1924-2006), Мұрат.

Атабай, Жанұзақ, Шуан, Мырзабек, Дәуқара жәй шаруалар, малшы болған кiсiлер. Бұл кiсiлердiң өмiрбаяндары туралы деректер жоқ. Ал Қараман Дәуқараұлы туралы естелiктер мен деректер Қызылорда облыстық мұрағатта бар. Бұл кiсi Аралқұм колхозынын , кейiннен Алға ауылынын кенес төрағасы және басқарма бастығы болған. Қараманов Сәдуақас Қызылорда қаласы прокурорының аға көмекшiсi болған. Балалары Серiк пен Бақытжан прокуратура органдарында, Серiктiң Бауыржан, Нұржан, Мейiржан деген ұлдары бар, Бақытжанның Илияс деген ұлы бар.

Қыздары Мiнсара мен Сәуле педагогикалық, ғылыми жұмыстармен айналысады. Қараманова Мiнсара т.ғ.к, доцент, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттiк университетiнде Қазақстан тарихы кафедрасының менгерушiсi.

Бақытжан Ахметбек, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттiк университетi «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерi

Пайдаланған әдебиеттер мен дереккөздер

Әдеб: Бақытжан Ахметбектің дерек қорынан, Байғара Қожасұлының өмірі туралы қолдағы осы деректер батырдың ұрпағы, Қорқыт ата ат. ҚМУ «Қаз тарихы каф. меңгерушісі М.С. Қарамановадан алынды; Сыр елі Қызылорда облысы энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2005; И. Әйтiмов «Байғара батыр» // Толқын 22.07.2004; А. Елеш «Байғара батыр» // Толқын 17.09.2008.